

Бекітемін

«М.Әуезов атындағы

№86 мектеп-гимназия»

Директоры

Г.О. Оразбаева

Педагогикалық Кеңес отырысы

№1 қаулау 29.09.2024 ж



*«Астана қаласы әкімдігінің «Мұхтар Әуезов
атындағы № 86 мектеп-гимназия» ШЖҚММК
2024-2025 оқу жылына арналған
оқу-тәрбие жұмысының
ЖОСПАРЫ*

2024-2025 оқу жылы

**«Астана қаласы әкімдігінің
«Мұхтар Әуезов атындағы № 86 мектеп-гимназия» ШЖҚМҚК
2024-2025 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспары**

«Білім туралы» «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы,

№ 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасы,

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрілігінің 27 шілдедегі 2021 жылғы №368 бұйрығы, ҚР. БҒМ 06.04.2020ж №130, 2021жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрықтар негізге алынды)

2024-2025 оқу жылына арналған мектеп-гимназияның оқу-тәрбие жұмысының мақсаты:

Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету.

Міндеті:

- Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту.
- Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыру.
- Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту;
- цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жаратқандыру;
- білім алушылардың білімін толықтыру;
- қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау;
- инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету.
- Балалардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету, сондай – ақ білім алушылардың ерекше білім қажеттіліктерін қанағаттандыруға қолайлы жағдайлар жасау;
- Оқыту сапасын арттыруда мұғалімдердің ең үздік білім ресурстарымен технологияларына қол жетімділікті қамтамасыз ету;

Мектептің миссиясы: «Инновациялық бағыттар негізінде рухани құндылықтары жоғары ұрпақ дайындау» болып табылады.

Мақсаты: Өзін-өзі жүзеге асыратын және әлеуметтік жауапкершілігі жоғары саналы тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін оқу ортасын құру

Міндеттер:

Оқушылардың қабілеті мен қызығушылықтарын, тәрбиелік деңгейін диагностикалау;

Диагностика нәтижесін ұжымдық талқылау арқылы білім ортасының дизайнын әзірлеу және іске асыру (сынып жетекшінің жұмыс бағытына жаңашылдық енгізу);

Іске асырылған білім ортасының тиімділігін жүйелі мониторингілеу.

Мектеп-гимназия тақырыбы: Іс-әрекетті зерттеу арқылы оқушыларды рухани құндылықтарға бейімдеу.

МАЗМҰНЫ

Бөлім	Бөлімдердің атауы	Бері
	Мектеп туралы қысқаша ақпарат	1
	Мектептің 2024-2025 оқу жылына арналған мақсат, міндеттері	2
	Мектептің 2023-2024 оқу жылындағы талдауы	
I	1 – бөлім .Тегін орта білім алуға бағытталған мектеп қызметін ұйымдастыру. «Білім туралы» заңның орындалуы	3
II	2-бөлім. Педагогикалық кадрлармен жұмыс, біліктілікті арттыру, аттестаттау	4-15
III	3-бөлім. Мектептің әдістемелік кеңесі мен ӘБ жұмысы	16
IV	4-бөлім. Мектептің Педагогикалық кеңес жұмысы	18
V	5-бөлім. Жас мұғалімдер мектебінің жұмыс жоспары	23
VI	6-бөлім. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру	25
VII	7-бөлім. Оқу-материалдық базаны нығайту. Мектеп құралдары	27
VIII	8-бөлім. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары	28

№	Мемлекеттік тілде берілген сипаттама
---	--------------------------------------

1	Білім беру ұйымының атауы	Астана қаласы әкімдігінің «Мұхтар Әуезов атындағы № 86 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
	Білім беру ұйымының ашылу жылы	2018-2019 оқу жылы
	Мекен жайы	А.Бөлекпаев 20
	Оқыту тілі	Мемлекеттік тілде
	Оқыту бейіні бойынша білім беру ұйымының негізгі түрі	Әлеуметтік-гуманитарлық
	Білім беру бағыты	Жалпы білім беру
	Инновациялық жоба / эксперименттік алаң атауы	«Бала Абай» 1-4 сынып «М.Әуезов тағылымы» 5-11 сыныптар
	Инновациялық кабинеттер	1. Химия кабинеті 2. Биология кабинеті 3. Физика кабинеті 4. Кітапхана
	Сыймдылығы	1200
	Ғимарат типі	типтік
	Оқушы саны	2686
	Басшысы	Директоры Г.О.Оразбекова
	Байланыс телефоны	8 (7172) 57-85-95
	Эл.поштасы	Sh86kz@yandex.ru
	Ресми сайты	http://86mektep.edu.kz
	Әлеуметтік желідегі парақшасы	Мектептің инстаграм парақшасы https://instagram.com/86mektepgimnazii?igshid=YmMyMTA2M2Y=Mектептің_фэйсбук_парақшасы https://www.facebook.com/profile.php?id=100063305945449&mibextid=LQ_QJ4d
	Мектептің оқушыға жасалған қолайлы жағдай	Оқушылар үшін үйірмелер жұмыс жасайды:

		1. Оқуға құштар мектеп 2. Шахмат 3. Вокал 4. Домбыра 5. Волейбол 6. Асық ату 7. Актерлік шеберлік
	Мектептегі кадрмен қамтылуы	Барлығы -204, оның ішінде, әкімшілік –басқару қызметкерлері –10, мұғалім саны-204,
	Серіктестік байланыстар	Евразия Ұлттық университеті
	Мұғалімнің кәсіби өсуі	ПШО, Өрлеу БАҰО АҚ, «Global» САПА білім беру орталықтарының ұйымдастырумен өткізілетін курстардан мектепмұғалімдерінің 60 %-дан астамы өтті

2023-2024 оқу жылы бойынша «Мұхтар Әуезов атындағы № 86 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының оқу-тәрбие үдерісіне талдау

Мектеп-лицейдің жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген сапалы білім беру "Білімді ұлт" ұлттық жобасын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысымен бекітілген Қазақстан

Республикасының білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын орындауға бағытталған. Мектеп 2 ауысымда жұмыс істейді.. Мектептің жобалық қуаттылығы-1200. «Инновациялық бағыттар негізінде рухани құндылықтары жоғары ұрпақ тәрбиелеу» миссиясынмен жұмыс атқарды.

Соңғы 3 жылдағы біліктілік санаттары бойынша

	2022-2023жж	2023-2024жж	2024-2025жж
Мектептегі барлығы	160	189	187
Педагог -шебер	5	4	4
Педагог-зерттеуші	35	39	43
Педагог-сарапшы	30	37	44
Педагог-модератор	37	45	67
Екінші санатты	2	0	
Бірінші санатты	1	0	
Жоғары санатты	0	0	
Педагогтер			29

Біліктілік санаттары бар мұғалімдердің жалпы (50,5 %) құрайды .Оқу жылының басында 29.08.2024 29 мұғалім педагог-модератор біліктілік санатын алды. Әкімшілік арасында бірінші санатты басшының орынбасары -4, екінші санатты басшының орынбасары -2. Жоғары білімі бар - 184, арнаулы орта - 3. Педагогикалық шеберлік біліктілігі педагогтар саны: «Педагог-зерттеуші» - 43, «Педагог-сарапшы» - 44, «Педагог-модератор» -67, «Педагог» - 17. 47 магистрант жұмыс істейді.

Біліктілікті арттыру курстарынан өткен мұғалімдер саны 3 жылғы

Бағыттар бойынша курстар	2021-2022жж	2022-2023жж	2023-2024жж
Пәндік курстар	32	35	53
Тәлімгерлік	0	0	1
Жаһандық құзыреттік	0	2	1

Мектеп әдістемелік жұмыстың маңызды бағыты мұғалімдердің үнемі кәсіби біліктілігін арттыру және олардың өздігінен білім алуы болды. Биылғы оқу жылында біліктілік арттыру курстары офлайн форматта «Өрлеу» БАҰОАҚ өтті.

Педагогтардың кәсіби конкурстарға қатысуының нәтижелілігі

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Орын	кезеңі
---	---------------------	------	------	--------

3	Абдукодирова Маржан Ержанқызы	бастауыш	III орын.	

"ABA'S CREATION" қалалық шығармашылық байқауында "Абайдың шығармашылығына арнап шетел тілінде өлең жолдарын шығарып, авторлық өлеңін оқу" номинациясы

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Орын	кезеңі
1	Какенова Гауһар Валерийқызы	Ағылшын т	II орын	қалалық

Бастауыш сынып мұғалімдері математикадан Республикалық «ПедStart»

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Орын	кезеңі
1	Ахметова А.Ғ	бастауыш	II орын	қалалық
2	Абдукоирова М.Е.	бастауыш	I дәрежелі диплом	
3	Мунайдарова А.Б III	бастауыш	II дәрежелі диплом	

«Алтын тұғыр» Республика математикалық конкурсы

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Орын	кезеңі
1	Абдиева Айжан Сапарбековна	бастауыш	II	республика

Мұғалімдер арасында пәндік олимпиада бойынша қазақ тілі пәнінің мұғалімі Шаймұрат Н. 3-орын,математика пәні мұғалімі Серікбаева Аружан Амангелдіқызы,Абдиева Айжан Сапарбековна 2-орын иеленіп,арапатталды.

Қорытындылар мен ұсыныстар:

1. Мектепшілік және қала көлемінде өтетін педагогтің кәсіби дамуына қатысты іс –шаралармен байқауларға белсене қатыстыру;
2. Пәндік олимпиадалармен оқуларға жүйелі түрде қатысуға мүмкіндік беру;
3. «Үздік жас маман», «Үздік бірлестік жетекшісі», «Үздік жыл мұғалімі», «Шығармашыл ұстаз» т.б. сайыстарға қатысуға мүмкіндік беріп,қолдау көрсету;
4. Дарынды оқушылар мен жұмысты жүйелі жүргізіп,байқаулармен олимпиадаларға қатыстыруды жалғастыру;
5. Біліктілік арттыру курстарына мұғалімдерді преспективтік жоспарға сай қатысуын әрі қарай да жалғастыру;
6. Мұғалімдердің біліктілік санаттарын көтеруге жағдай жасау және мүмкіндік беру;

4. Тәлімгерлік жұмысының нәтижелілігі

2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 «Тәлімгерлік қызметті ұйымдастыру қағидалары мен тәлімгерлік көрсететін педагогтерге қойылатын талаптарға» сәйкес бір жылға еңбек өтілі бар жас педагогтерге Тәлімгерлік –педагог-зерттеуші педагогтер Жапар Әсия Делегатқызы Ахметова Аяжан Ғазизқызы, Шалгынбаева Келбет Мейрамқызы,

Алдаберген Сандұғаш Ғаниқызы, Архатқызы Мөлдір тәлімгерлік қызметі ұйымдастырылды.

Жас мұғалімдермен бірге жыл басында педагог-тәлімгерлердің жоспары құрылды. Әрбір жас маман өзіннің жоспары бойынша жұмыс жасалды. Жас мамандарға сабақта формативті бағалау мен белсенді жұмыс түрлерін қолданып, сабақ жоспарларын құрастыруға әдістемелік көмек көрсетілді.

22 сәуірмен 26 сәуір аралығында жас мамандар апталығы апталығы өткізілді. Апталық жоспары құрылып, бекітілді. Апталықта мұғалімдер ашық сабақтар өткізіп, өз тәжірибесімен бөлісті. Апталық соңында «Үздік жас маман» сайысы өтіп, қатысушы мұғалімдер өз білімдері мен бірге шығармашылықтарымен бөлісті. Барлығы 9 жас маман қатысты. Оның ішінде «Үздік жас маман» марапатымен бастауыш сынып мұғалімі Ғарифолла Айжан марапатталды.

Преспективалық жоспарға сәйкес педагогтерге аттестаттаудан өту.

2023-2024 оқу жылында мектеп педагогтерін аттестаттау ҚР БҒМ бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізілді. Барлығы 72 мұғалім аттестаттауға өтініш берді. Оның ішінде тест тапсыруға 67 мұғалім өтініш берді. 30 жылдан өтілі бар -4 мұғалім тесттен босатылды, 4 мұғалім қолдарында жаз айында өткен жарамды қорытынды тест нәтижесі болғандықтан тесттен босатылды. Педагог –модераторға-41 мұғалім, педагог-сарапшыға -9 мұғалім, педагог-зерттеушіге-17, шебер педагог-2 мұғалім аттестациядан өтініш берді. Оның ішінде бір мұғалім кезектен тыс аттестацияға өтініш берген бірақ та ,тесттен өте алмай қалды.

Мектепте аттестаттау өткізу бойынша сараптамалық және аттестация комиссия мүшелері құрылды. Сарапшы комиссия мүшелері мұғалімдердің құжаттарын алдын ала тексеріп, балл қою шкаласынмен келесі кезекке өтуге кеңестер берді. Тесттен өткен және 30 жылдан асқан өтілі бар мұғалімдер білім басқармасы жанынан құрылған әдістемелік орталыққа құжаттарын 27-31 мамыр аралығында тапсырды. Қалған тесттен өтпеген мұғалімдер шілде айындағы тестке қатысып, өткен жағдайда құжаттарын тапсырады. Жыл бойы аттестация бойынша мұғалімдерге түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, кеңестер беріліп отырды. Аттестациядан өтетін педагог-сарапшы мен педагог –зерттеушіге 29 сәуір күні әдістемелік апталығы өтіп, мұғалімдердің сабақтарына қатысылды. Сонымен қатар барлық аттестациядан өтетін мұғалімдерге әкімшілік пен аттестация комиссиясы сабақтарға қатысып, өз бағаларын берді.

5. Педагогтердің кәсіби дамуы. Педагогикалық тәжірибені тарату.

Әр мұғалім жыл бойы өзін-өзі жетілдіру тақырыбымен жұмыс жасады. Өзін-өзі жетілдіру тақырыптары мектеп әдістемелік бірлестігінің жалпы әдістемелік тақырыбымен сәйкес келеді. Мұғалімдермен жыл бойы жасалған жұмыстар төмендегідей болды. Пән апталықтары жоспарға сай өткізіліп отырды. (математика, информатика, физика) апталығы желтоқсанның 04-08.12, бастауыш сынып қаңтар айының 22-26 , қазақ тілі мен әдебиеті 11.03-15.03, орыс тілі мен әдебиеті 04.03-12.03 , ағылшын тілі 05.02-09.02 , жаратылыстану 08-12 сәуір , тарих, дене шынықтыру, көркем еңбек 11.12-15.12 аралықтарында өткізілді. Апталықта мұғалімдер ашық сабақтармен сыныптан тыс іс шаралар өткізіп, өз тәжірибелерімен бөлісті. Өткен оқу жылында өздерінің көптеген семинар, коучинг, тренингтер мен шебер сыныптарға қатысып, тәжірибе таратып, тәжірибе жинақтадыңыздар. Осының бәрі мектебімізде жүзеге асып жатқан мектептерінің жұмысының нәтижесі. Шамамен 32 тағлымды шара жүргізілді. Бұл да бір әдістемелік тұрғыдан өсу, кәсіби қалыптасудың оңтайлы жолы деп атасақ та болады. Сонымен қатар, пән бойынша апталықтардың да жаңашыл форматта жүргізілгендігі ұжымның кәсіби қалыптасуының көш ілгері екендігіне көз жеткізді.

Қорытынды мен ұсыныстар:

1. Келесі оқу жылында жас мамандарға сабақтарға қатысу, семинарларға, конференцияларға қатысу, біліктілікті арттыру курстары және тәлімгерлік арқылы өздерінің біліктілік деңгейін арттыру бойынша жұмыстар жалғастырылсын;

Авторлық бағдарламаларды апробациялау

2 мұғалім Ахметова Ж.Е. Абдукодинова М.Е республикалық деңгейде 17 мұғалім қала көлемінде авторлық бағдарламаларын қорғады.

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарына қатысуы.

Бүгінгі таңда педагогтердің кәсіби дамуы мен әдістемелік тұрғыдан негізделуі бірнеше бағыттар бойынша жүзеге асып жатыр. Олар біліктілік арттыру курстарынан 53 мұғалім білімін арттырса, кәсіби байқаураға қатысуда да нәтиже байқаймыз.

Мұғалімдер жұмысына рейтингтік талдау жасау

Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің тәжірибесімен бөлісу

Әдістемелік жұмыс «Оқушылардың іс-әрекетін зерттеу арқылы заманауи оқытудың әдістемесін жасау» тақырыбы аясында жүзеге асты. Өткен оқу жылында өздеріңіз көптеген семинар, коучинг, тренингтер мен шебер сыныптарға қатысып, тәжірибе таратып, тәжірибе жинақтадыңыздар. Осының бәрі мектебімізде жүзеге асып жатқан ШЕБЕРЛЕР, ЗЕРТТЕУШІЛЕР, САРАПШЫЛАР, МАГИСТРЛЕР мектептерінің жұмысының нәтижесі. Шамамен 32 тағлымды шара жүргізілді. Бұл да бір әдістемелік тұрғыдан өсу, кәсіби қалыптасудың оңтайлы жолы деп атасақ та болады. Сонымен қатар, пән бойынша апталықтардың да жаңашыл форматта жүргізілгендігі ұжымның кәсіби қалыптасуының көш ілгері екендігіне көз жеткізді.

Инновациялық жобаларды эксперименттік алаңдарды енгізудің тиімділігі

Астана қаласы Білім басқармасының 2013-2024 жыларға арналған Даму жоспарын іске асыру мақсатында және жаңартылған білім мазмұны бағдарламасы негізінде №86 мектеп-гимназиясында мынадай инновациялық жобалар іске асырылып, нәтижеге бағытталған түрде жұмыс атқаруда. Мақсаты: М.Әуезовтің еңбек және өмір жолын зерттеу, шығармашылығын насихаттау, ұрпаққа тәлім-тәрбиелік мәнін ұғындыру, қолданысқа енгізу. Күтілетін нәтиже: Оқушылардың жазушы өміріне қызығушылығы артып, тұлғалық дағдысын қалыптастыру. Көркем сөйлеумен, сыни тұрғысынан ойлаулары артуы. М.Әуезовтің еңбек және өмір жолын зерттеу, шығармашылығын насихаттау, ұрпаққа тәлім-тәрбиелік мәнін ұғындыру, қолданысқа енгізу мақсатында 2023-2024 оқу жылында бірқатар іс-шаралар өткізілді. 26 сәуір күні Астана қаласы әкімдігінің Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясында «Әлем халықтарының классикалық әдеби мұралары: М.О.Әуезов және Ш.Т.Айтматов шығармашылығы» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясы өтті. Мақсаты: Қырғыз Республикасы, Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беретін мектептерде әлем әдебиеті шығармаларын оқыту әдістемесін жетілдіру және әлем әдебиетінің ірі тұлғалары қазақ жазушысы, ғалым-ұстаз, мәдениет және қоғам қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезов пен Қырғыз Республикасының халық жазушысы, қоғам және мемлекет қайраткері Шыңғыс Төреқұлұлы Айтматов туындыларын оқыту, шығармаларына арқау болған жалпыадамзаттық құндылықтарды ұрпақ бойына сіңіру, екі ел арасындағы әдеби, ғылыми байланыстарды нығайту. Конференция жұмысына отандық және шетелдік ғалымдар, қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, БАҚ өкілдері, мәдениет саласының мамандары, білім алушылар, ұстаздар, журналистер және ата-аналар қауымдастығы қатысты. Конференцияға Қырғызстаннан келген ғалымдар пленарлық мәжілісте баяндамаларын оқып, қос қаламгер туралы ғылыми зерттеулерімен бөлісті. Конференция барысында педагогика ғылымдарының докторы, профессор, И.Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеті университетінен А.Ж.Муратов «Тоолор жаңа талаалар ыры (Чыңғыз Айтматовдун чыгармаларындағы қазақ темасы)» тақырыбында, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Б.Бейшеналиева атындағы Қырғыз мемлекеттік мәдениет және өнер университетінің ректоры «Чыңғыз Айтматов жаңа музыка» тақырыбында, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, «Қырғызстан Маариф» қоғамдық фонды директорының академиялық мәселелер бойынша орынбасары Акматов Кыялбек Камытович «Мухтар Ауезовдун «Абай жолу» эпопеясы жаңа кыргыз педагогикасындағы Абай Кунанбайуулнун жолу» тақырыбында, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, жазушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұрдіәлет Ақыш «Көркемдікке дәстүрлі көзқарас және авторлық позиция» тақырыбында, филология ғылымдарының кандидаты А.И.Шамахова «Ғасырдан да ұзақ күн» романындағы аңыз сюжетінің көркемдік қызметі тақырыбында зерттеулерімен бөлісті. Пленарлық отырыста жасалған баяндамалар үлкен қызығушылық тудырды.

Тарих, әдістеме, филология секция жұмыстары бойынша баяндамалар тыңдалды. Конференция қорытындысы бойынша «Әлем халықтарының классикалық әдеби мұралары: М.О.Әуезов және Ш.Айтматов шығармашылығы» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияның материалдары баспадан шығарылды. М.О.Әуезов, Ш.Т.Айтматов отандық тіл білімі, әдебиет, әдеби сын, журналистика, тарих салалары бойынша ғылыми әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстар, тың зерттеулер жүргізу, жаңа 2024-2025 оқу жылынан бастап М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясының үздік оқушыларына комиссия шешімімен «М.Әуезов қоры» құрылып, қор атынан шәкіртақы тағайындау, «М.Әуезов, Ш.Айтматов шығармашылығын оқыту» деген ортақ атаумен ғылыми-тәжірибелік конференция, дөңгелек үстел, семинар ұйымдастыру дәстүрге айналдыру ұсынылды.



12-сәуір Ғылым күніне және қазақ тілі мен әдебиет пәні онкүндігі аясында ұйымдастырылған М.О. Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясы 5-10 сынып оқушылары арасында өткізілетін «М.О.Әуезов шығармаларының құндылығы» атты мектепшілік ғылыми жобалар байқауы өтті.

Байқаудың мақсаты мен міндеттері: мектеп оқушыларын жазушының әдеби мұрасымен таныстыру, насихаттау, зерттеу, ғылыми қабілеттерін арттыру, әдеби тіл байлығын кеңейту, жазушы шығармаларының рухани құндылығын жас ұрпақтың бойына сіңіру.

Ғылыми жобалар келесі бағыттар бойынша қорғалады:

- М.О.Әуезов шығармаларындағы жер-су атаулары (география, жаратылыстану)
- М.О.Әуезов шығармаларындағы адам мен табиғат (биология, химия, физика)

- Әлем таныған Әуезов (орыс тілі, ағылшын тілі)
- М.О.Әуезов шығармаларындағы сөз сыры (қазақ тілі мен әдебиеті)
- М.О.Әуезов шығармаларының тарихи құндылығы (тарих)

Байқаудың қорытындысы:

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер I, II, III орын иеленгені үшін дипломдармен, номинациялармен онкүндіктің жабылуында марапатталды.



Global Scholars халықаралық енгізуші Global teachers демейімен осы компанияның бағдарламаның арқылы әлемнің түпкір түпкіріндегі қалаларда тұратын 10-14 жастағы балалардың сол тұратын қаладағы қиындықтары және соларды шешу жолдарын табуға мүмкіндік береді.

Global Scholars бағдарламасы дүние жүзіндегі оқушыларға жаһандық құзыреттілігін немесе оқушыларға өзара байланысты әлемде өмір сүру үшін қажет білім, дағдылар, көзқарастар мен мінез-құлықтарды дамытуға көмектесу үшін жасалған. Оқушылар ғаламдық мәселенің күрделі шешімдерін зерттеп, әзірлеп, содан кейін өздері тұратын жерде жергілікті әрекетке кіріскенде, электрондық сыныптағы талқылау такталарында апта сайын идеялармен алмасады.

Қазіргі таңда осы жоба бойынша біздің мектепте 2 мұғалім (Какенова Гауһар Валерийқызы және Ермуханбетова Меруерт Ермуханбетовна) және таңдалған 15 оқушы жұмыс жасап жатыр.

Жыл сайын Global Scholars тақырыптары өзгеріп отырады ол әлемдегі болып жатқан өзекті мәселелерді қарастырып, біздің жас ғалымдарымыз соны зерттеп, өз үлестерін, шешімдерін қосуға тырысады.

Балалар өздерінің Мумбайдағы, Париждағы, Испаниядағы, АҚШдағы, Тайландтағы құрдастарымен пікірлерімен бөліседі, Бұл жобаның барысында балалар белгілі бір тақырыпқа өздерінің постарының дайындайды, сүреттер салады, видео жасайды Global Scholars.com платформасына жібереді.

Тақырыптық жоспар бойынша жоба бес бөлімнен тұрады. Бірінші жарты жылдықта оқушылар екі бөліммен танысты. Бірінші бөлімде (Global Scholars жобасына кіріспе) оқушылар Global Scholars бағдарламасымен және халықаралық цифрлық қауымдастықпен танысты. Интернетте қалай қауіпсіз және тиімді қарым-қатынас жасау керектігін талқылады. Оқушылар сайтқа кіру арқылы өздерін, тұрып жатқан қалаларын таныстырды. Сынып ретінде сыныпты, мектепті және қаланы таныстыратын бір 3 минуттық бейнеролік әзірледі.

Екінші юнитта берілген тақырып бойынша сауалнама жасайды. Өз қауымдастықтарындағы табиғатпен қалай әрекеттесетінін немесе оған қамқорлық жасайтынын білу үшін отбасы мүшесінен, мұғалімнен, көршіден немесе басқа қауымдастық мүшелерінен сұхбат алынды.

Жергілікті жасыл кеңістік, яғни жасылалаң және саябақтар туралы ақпарат жиналып, қызықты фактілерді жинап оқушылар сандық проект орындады.

Қаладағы табиғат тақырыбы оқушыларға жас ерекшеліктеріне байланысты қызықты өтіп жатыр. Мумбай оқушылармен видео байланысқа шығу алдағы жоспарда. **Эксперимент жұмысы «Бала Абай»**Мақсаты: Бала Абайдың балалық шағын дәріптей отырып, Абай шығармасын сүйіп оқуға баулу. 2-сынып оқушылары арасында «Толғауы тоқсан қызыл тіл...» шешендік нерсайысына қатысып 2 «Г сынып оқушысы Хужаназар Жания I орын. Сынып жетекшісі: Мунайдарова А.Б.

3-сынып оқушылары арасында «Ойлы адамға қызық жол бұл жалғанда» атты Абай аудармаларын жатқа айту сайысында 3 «К» сынып оқушысы Нұрбек Жасмин

I орын. Сынып жетекшісі: Баймулдинова М.Д.

4-сынып оқушылары арасында «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» атты ақын өлеңдерін жатқа айту сайысында 4 «И» сынып оқушысы Орынбасар Кәусар Бас жүлде. Сынып жетекшісі: Бекзан А.Е.

Осы аталған оқушылар қалалық байқауына қатысады. **Абай» қалалық байқауының қорытындысы**

2024 жылдың 26 сәуірінде «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясымен бірлесе отырып 3-4 сынып оқушылары арасында «Бала Абай» қалалық байқауын өткізді.

Нәтижесінде:

3 сынып оқушысы **Нұрбек Жасмин** жүлделі I орын. Жетекшісі: Баймулдинова Меруерт Даулетхановна.

4 сынып оқушысы **Орынбасар Іңкәр** II орын. Жетекшісі: Бекзан Аружан Ерланқызы

М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясы 2024 жылдың 29-30 сәуір күні мектепшілік бастауыш 1-4 сыныптар арасында III кезеңі «Бала Абай» марафоны өткізілді.Мақсаты: Қазақтың бас ақыны, ұлы дана, ойшыл, сазгер Абай Құнанбаевтың мол мұрасын мектепшілік сайыс арқылы насихаттау. Оқушының бойына ақыл мен парасаты, сөз құдіреті мен көркем сөздің мәйегін сіңіру. Ұлыларымызды құрметтеу, сол арқылы оқушы бойына мақтаныш сезімін тудыру, даналардың даралығын бағалау, қастерлей білуге баулу. «Бала Абай» марафоны үшінші жыл өткізілуде. Бас жүлдеге мектеп қорынан велосипедтер берілді. Байқауға 1-4 сынып аралығында 86 оқушы қатысты.

оқушы бойына мақтаныш сезімін тудыру, даналардың даралығын бағалау, кастерлей білуге баулу. «Бала Абай» марафоны үшінші жыл өткізілуде. Бас жүлдеге мектеп қорынан велосипедтер берілді. Байқауға 1-4 сынып аралығында 86 оқушы қатысты.

Мықты жақтары 1. Мұғалімнің үйренген әдіс-тәсілдерін өз тәжірибесінде қолданғандығы; 2. Үлгілік оқу бағдарламасын оқу үдерісінде жүзеге асыруға негізделген түрлі оқыту семинар, коучингтердің өтуі; 3. Цифрлық білім беру ресурстарын тәжірибеде қолдану; 4. Кәсіби байқауларға, республика, қала деңгейде іс-тәжірибе тарату шараларына қатысудағы жетістіктердің көбеюі 5. Дарынды, шығармашыл оқушылардың санының артуы	Әлсіз жақтары 1. Шығармашылық топпен жұмыстың әлі де болса бірізге қойылмауы 2. Сабақта әдіс-тәсілдердің қолданылуы жайлы зерттеу жұмыстарының жеткіліксіздігі; 3. Білім алушылардың ерекше қабілетін зерделеуде әдіснамалық жұмыстың бірізділікке қойылмауы ; 4. Дарынды оқушылардың республикалық сайыстарда орын алуының аздығы
Мүмкіндіктер 1. Шығармашылық топпен жұмысты жолға қою; 2. Пән мұғалімдерінің кәсіби өсуіне біліктілікті арттыру курстарының көбірек болуы; 3. Зерттеу жұмыстары бойынша семинарлар жоспарлау; 4. Пәндік білім сапасын көтеру бойынша жұмыстар жүргізу	Қауіп 1. Өткен оқу жылдарындағы пәндер бойынша олқылықтардың орнын толықтыру; 2. Үлгермеуші және ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмысты ұйымдастыруда әдістемелік тұрғыдан тәжірибенің әлсіздігі білім сапасының төмендеуіне әкеледі

Жұмыстың негізгі бағыттары	Іс-шара	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
1-бөлім. Тегін орта білім алуға бағытталған мектеп қызметін ұйымдастыру. «Білім туралы» заңның орындалуы	«Мектепке жол» акциясын өткізу	Директордың ОІЖ жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог	25.08–25.09
	18 жасқа дейінгі балаларды оқумен қамту және оқушылар контингентін сақтау. Жазғы кезеңдегі қозғалыс бойынша есеп	Директордың ОІЖ жөніндегі орынбасары	25.08–25.09.
	Балалардың есебін әліпбилік кітап, оқушылар қозғалысының кітабы, жеке істері бойынша тексеру	Сынып жетекшілері	Қыркүйек
	Әкімшілік кеңесте 9 және 11-сынып түлектерін жұмысқа орналастыруды қорытындылау	Директордың ТІЖ жөніндегі орынбасары	Қыркүйек
	1, 10-сыныптарды жинақтау	Директордың ОІЖ жөніндегі орынбасары	1.09 дейін
	Тарифтеу	Директордың ОІЖ жөніндегі орынбасары	5–10.09
	Дене шынықтыру сабақтарынан босатылған оқушыларды анықтау	Сынып жетекшілері, медициналық жұмыскер	Тұрақты
	Жаппай оқыту қорының қаражаты есебінен тегін ыстық тамақтануға құжаттарды жинау	Әлеуметтік педагог	5.09 дейін
	Мектептің жұмыс режимін көрсете отырып, оқушылар мен ата-аналар үшін ақпараттық стенд ресімдеу (мектеп фойесінде)	Әлеуметтік педагог	Қыркүйек
	Оқушылардың қозғалысы бойынша есептер	Директордың ОІ жөніндегі орынбасары	Токсанына бір рет
	Үйде оқыту бағдарламаларын орындау	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Қазан
	Медициналық қорытындылардың түсуіне қарай оқушыларды үйде оқытуды ұйымдастыру. Оқу бағдарламаларының сапалы өтуін қамтамасыз ету	Директордың ТІЖ жөніндегі орынбасары	Оқу жылы ішінде
	Мектепте девиантты мінез-құлықты балаларды есепке алуды ұйымдастыру, тиісті құжаттарды ресімдеу: күнделіктер, жеке істер, тәлімгерлер тағайындау	Директор, Директордың ТІЖ орынбасары, психолог, социальный педагог, сынып жетекшілері	Қазан

Тегін тамактануды ұсыну мақсатында мектеп оқушыларының көп балалы және әлеуметтік қорғалмаған отбасыларын есепке алуды ұйымдастыру, тиісті құжаттаманы рәсімдеу	Әлеуметтік педагог	Қыркүйек
Ыстық тамақты ұйымдастыру	Әлеуметтік педагог	Бір жылдың ішінде
Сынып жетекшілерінің оқушылардың сабаққа қатысуын күнделікті тексеруі	Сынып жетекшілері	Бір жылдың ішінде
Оқушылардың жеке істерін тексеру	Директордың ОІЖ жөніндегі орынбасары, іс жүргізуші	Жылына 2 рет: қыркүйек, қаңтар
Балаларға тереңдетілген медициналық тексеру жүргізу үшін қалыпты жағдай жасау	Медбике	Кесте бойынша
«Тәуекел тобындағы» балалармен жұмысты бақылау	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері	Жылына 1 рет
Аз қамтылған отбасылардағы оқушылардың өмір сүру жағдайларын зерттеу. ТТЖ актілерін, әлеуметтік карта жасау	Сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог	Қыркүйек
Мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша КИИ жұмыс жоспарын құру	Директор	Қазан
Оқушылар мен ата-аналарға тамақтандыруды және СӨС ұйымдастыру мәселелері бойынша сауалнама жүргізу	Сынып жетекшілері	Қараша, қаңтар, сәуір
Сынып жетекшілерінің жұмысын мектеп құжаттарымен тексеріңіз. Директор жанындағы жиналыста сынып жетекшілерінің қорытынды есебі	Директордың ТІЖ орынбасары	Наурыз
Болашақ бірінші сынып оқушыларының дайындық тобының жұмысы	Директордың ОІЖ жөніндегі орынбасары	Қыркүйек–мамыр
Мектеп бойынша кезекшілік	Директордың ТІЖ жөніндегі орынбасары	Бір жылдың ішінде
Мектепте санитарлық-гигиеналық жағдай жасау	Шаруашылық ісі жөніндегі директордың орынбасары	Бір жылдың ішінде
«Қиын» оқушылардың ата-аналарымен жеке жұмыс, тиісті құжаттарды рәсімдеу	Директор, әлеуметтік педагог	Бір жылдың ішінде
Үлгерімі нашар, қиын адамдарды анықтау және олармен жұмыс істеу	Педагогикалық ұжым	Бір жылдың ішінде

2-бөлім. Педагогикалық кадрлармен жұмыс, біліктілікті арттыру, аттестаттау	Оқушыларды мектепке қабылдау және жазу	Әкімшілік	Тамыз
	Мектеп кітапханасын оқулықтармен және әдістемелік әдебиеттермен толықтыру	Кітапхана меңгерушісі	Тамыз
	Кабинеттердің, шеберханалардың, зертханалардың, спортзалдың жаңа оқу жылына дайындығын карау	Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары	Тамыз
	Педагогикалық кадрлармен толықтыру	Мектеп әкімшілігі	Тамыз
	Мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспарын жасау	Директордың БІЖО жөніндегі орынбасары	Тамыз
	Сабақ кестесін құру	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Тамыз
	Тамыз конференцияларына қатысу	Педагогикалық ұжым	Тамыз
	Тарифтеу	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Қыркүйек
	Жаңа оқу бағдарламалары мен тақырыптық жоспарлауды бекіту	Әкімшілік, сынып жетекшілері	Қыркүйек
	Тәлім алушы мен тәлімгерлік жұмыстарын жетілдіру	Директордың ДБІЖО жөніндегі орынбасары	Бір жылдың ішінде
	Педагог кадрлардың кәсіби байқауларға қатысу үлесі	Директордың ДБІЖО жөніндегі орынбасары	Бір жылдың ішінде
	Педагог кадрлардың шығармашылық әлеуетін арттыру (авторлық бағдарлама, оқулық т.б.)	Директордың ДБІЖО жөніндегі орынбасары	Бір жылдың ішінде
	Аттестациядан өтетін мұғалімдердің сабақтарына қатысу	Мектеп әкімшілігі	Бір жылдың ішінде
	Аттестациядан өтетін мұғалімдер шәкірттерін аудандық, қалалық пән олимпиадалары мен Астана дарыны» ұйымдастырған байқауларға қатыстыру	Директордың ДБІЖО жөніндегі орынбасары	Токсанына 1 рет
	Аттестациядан өтетін мұғалімдердің портфолиоларын ретке келтіру	Директордың ДБІЖО жөніндегі орынбасары,	Токсанына 2 рет
	«Өрлеу» БАҰО» «НЗМ» бағдарламаға сәйкес біліктілікті арттыру курстары	Директордың ДБІЖО жөніндегі орынбасары	Бір жылдың ішінде
	Үйірмелер мен факультативтік сабақтардың жұмысын бақылау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Бір жылдың ішінде
	Мектеп құжаттамасын тексеру («Мектеп істерінің номенклатурасы туралы» бұйрыққа сәйкес)	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Қыркүйек

Мектеп олимпиадаларын өткізуге материалдар дайындау	Директордың ДБЖО жөніндегі орынбасары, ӘБ басшысы	Желтоқсан
Шеберханаларда, зертханаларда, спорт залында қауіпсіздік техникасы қағидаларының сақталуын тексеру	Мектеп әкімшілігі	Қыркүйек, Желтоқсан, март
I жартыжылдықтың қорытындыларын талдау	Мектеп әкімшілігі	Желтоқсан
Оқу бағдарламаларының орындалуын талдау	Директордың ДБЖО жөніндегі орынбасары, ӘБ басшысы	Токсанына 1 рет
Журналдарды тексеру	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары	Айына 2 рет
Мұғалімдердің жұмыс тәжірибесін жинақтау	Мектеп әкімшілігі	Қараша–сәуір
Педагог кадрларды аттестаттауды жоспарлау; мектептегі аттестаттау комиссиясының қызметі	Директордың ДБЖО жөніндегі орынбасары,	Қыркүйек
Ауыстыру емтихандарына және қорытынды аттестаттауға дайындық жұмысының басталуы	Мектеп әкімшілігі	Сәуір
Ай сайын 4, 9, 11-сыныптарда тестілеу, ББЖМ, байқау тестілеуін өткізу	Директордың оқу ісі жөніндегі жөніндегі орынбасары	Ай сайын
Мектептің педагогикалық кеңесінің жұмысы	Мектеп әкімшілігі	Бір жыл ішінде
Оқу кабинеттерін қарау	Мектеп әкімшілігі	Сәуір
Оқушыларды қорытынды аттестаттауға дайындау және өткізу	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары	Әр тоқсанда
Оқушылардың жазғы жұмыспен қамтылуын жоспарлау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары	Сәуір–мамыр
Ағымдағы аттестаттау барысында оқушылардың оқу нәтижелерін диагностикалау	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары	Бір жылдың ішінде
Үйірмелер жұмысының қорытындысы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары	Бір жылдың ішінде
Алдын ала тарифтеу	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары	Қыркүйек

	1-сыныпқа оқушыларды қабылдау	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары	Сәуір–мамыр
	Аттестаттау комиссиясының отырысын өткізу, хаттамаларды ресімдеу	Директордың ДБЖО жөніндегі орынбасары,	Наурыз
3-бөлім. Мектептің әдістемелік кеңесі мен ӘБ жұмысы	№ 1 әдістемелік кеңес отырысы Тақырыбы: «Өткен оқу жылындағы мектептің ҒӨК жұмысын талдау». Жұмыс мәселелері: 1. ӘБ-ның жаңа 2024/2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарларын бекіту. 2. Жас мамандардың және жаңадан келген мұғалімдердің бейімделуі 3. 2024/2025 оқу жылына арналған ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу іс-шараларын бекіту. 5. Ғылыми жобалардың тақырыптарын бекіту.	Директордың БЖО жөніндегі орынбасары, ӘБ басшысы	Қыркүйек
	№ 2 әдістемелік кеңес отырысы Тақырыбы: «Дарынды балалармен жұмыс жасаудың біртұтас жүйесін құру: олимпиадаларға, жобаларға, конкурстарға дайындық. «Дарынды балалармен» мұғалімдердің жұмысының нәтижесі ретінде оқушылардың олимпиадалар мен конкурстарға қатысуының нәтижелілігі. Мұғалімнің жұмыс тәжірибесін жинақтау». Жұмыс мәселелері: 1. Мектепте оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру. 2. Педагогтарды аттестаттауға дайындау. Педагогтерді аттестаттау бойынша нормативтік құжаттарды зерделеу. 3. «Оқушылардың білім сапасын арттыру бойынша мұғалімнің жұмыс жүйесі, үлгерімі нашар оқушылармен мұғалімнің жұмысын ұйымдастыру» тақырыбына пәндік әдістемелік онкүндік өткізу бойынша жұмысты дайындау және ұйымдастыру. 4. Пәндік онкүндік кестесін бекіту.	Директордың БЖО жөніндегі орынбасары, ӘБ басшысы	Қараша

	5. Мектепшілік ғылыми жобалар жарыстарын дайындау және өткізу бойынша сараптамалық топ құру. 6. ЕБҚ бар оқушылармен жұмысты ұйымдастыру		
	№ 3 әдістемелік кеңес отырысы Тақырыбы: «Оқушылардың жетістіктері үшін ынталандыру деңгейін арттыру жолдары». Жұмыс мәселелері: 1. Мектептің әдістемелік қызметінің I жартыжылдықтағы жұмысын талдау. 2. Мектепшілік және аудандық, қалалық олимпиадалардың қорытындысы	Директордың БІЖО жөніндегі орынбасары, ӘБ басшысы	Қаңтар
	№ 4 әдістемелік кеңес отырысы «Үш ұрпақ кездесуі» дөңгелек үстелі. Әр сабақ, сабақтың әр минуты оқушы үшін сәттілік жағдайын жасайды және дамытады. Жұмыс мәселелері 2. 3-ші тоқсанның қорытындысы. 3. Жас мұғалімдер тәлімгерлерінің есебі	Директордың БІЖО жөніндегі орынбасары, ӘБ басшысы	Наурыз
	№ 5 әдістемелік кеңес отырысы Жұмыс мәселелері 1. Бітіруші сыныптарды қорытынды аттестаттауға дайындау. 2. 2024/2025 оқу жылының аяқталуы бойынша нормативтік құжаттарды зерделеу. 3. 2024/2025 оқу жылының қорытындысы. 4. Жаңа оқу жылына жоспарлау	Директордың БІЖО жөніндегі орынбасары, ӘБ басшысы	Мамыр
4-бөлім. Мектептің Педагогикалық кеңес жұмысы	№ 1 педагогикалық кеңес отырысы 1. «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру . - 2024-2025 жаңа оқу жылының мақсат пен міндеттері директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары: Жақалакова С.К.		

	- «Жасанды интеллект нейрожелі» жобасы: Қойшыбаева А.М. «Smart ұстаз» жобасы Төлеубаева С.Ж 2. Мектепшілік бақылау оқу үдерісінде. - 2024-2025 оқу жылының басталуы туралы бұйрық; - оқу жоспарын бекіту: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Әкіш Ж.Е 3 . Инклюзивті білім: Ерекше балаларға ерекше қолдау. - оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру: оқушылар саны, сынып комплектісі, гимназия сыныптарын комплектілеу. директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Тютюнова Э.Р. 4.Біртұтас тәрбие бағдарламасы ерекшеліктері мен бастамалары директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Төлеубекова А.А 5.Жазғы сауықтыру жұмыстарының нәтижелері: әлеуметтік педагог Каирбекова А.Ш 6. Мектеп оқушыларының тәртіп сақтау ережелері. Мектепшілік кезекшілік. 7. Ішкі тәртіп ережесімен таныстыру: кәсіподақ төрайымы: Абилтаева М.Л.		
	№2 педагогикалық кеңес отырысы «PISA, TIMSS,PIRLS - оқушылардың білім жетістіктерін саралайтын халықаралық зерттеу» 1.№1 педагогикалық кеңесте қабылданған қаулылардың орындалуы туралы 2.Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың әдіс-тәсілдері 3. II оқу тоқсанының қорытындысы. 4.5-сынып оқушыларының жаңа білім беру жағдайларына бейімделуі 1-сынып оқушыларын бейімдеу. 5, 10-сыныптарда ОТЖ ұйымдастырудағы сабақтастық		

	№3 педагогикалық кеңес отырысы «Жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту құралы ретінде білім алушылардың семантикалық саласын қалыптастыру»		
	№4 педагогикалық кеңес отырысы «Білім беруді цифрландыру жағдайындағы нәтижелерді бағалау жүйесі және педагогикалық талдау»		
	№5 педагогикалық кеңес отырысы «Басқаларды оқыту үшін өзін үйрену керек» Білім беру жүйесін модернизациялау жағдайында сынып жетекшілерінің жұмысын жетілдіру»		
	№6 педагогикалық кеңес отырысы «Түлектерді мемлекеттік қорытынды аттестаттауды дайындау және өткізу»		
5-бөлім. Жас мұғалімдер мектебінің жұмыс жоспары	Мектеп бойынша жас мұғалімдердің және жаңадан келген мамандардың тізімін анықтау. Тәлімгер тағайындау.	Мектеп әкімшілігі	қыркүйек
	«Жас мамандар» мектебінің отырысы. №1 1.«Жас мамандар» мектебінің жылдық жұмыс жоспарымен, сапалық құрам, тәлімгерлермен танысу 2.Нормативтік-құқықтық құжаттармен танысу	«Жас мамандар» мектебінің жетекшісі	қыркүйек
	Тәлімгердің жас мамандармен жүргізілетін жұмыс жоспарын бекіту	«Жас мамандар» мектебінің жетекшісі	қыркүйек
	Жас мамандармен сұхбаттасу, жеке есеп парағын толтыру	«Жас мамандар» мектебінің жетекшісі	қазан
	Тренинг. «Мен және менің ұжымым»	Мектеп психологі	қазан
	Жас маманның протфолиосын жасау, бағыт-бағдар беру	«Жас мамандар» мектебінің жетекшісі	қараша
	Семинар-коучинг.	«Жас мамандар» мектебінің жетекшісі	жыл бойы

«Жас маманның - кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудағы тәлімгер - ұстаздың рөлі».		
Тәжірибелі ұстаздардың сабақтарына қатынасу, сабақ талдауды үйрену.	Жас мамандар	желтоқсан
«Жас мамандар» мектебінің отырысы. №2 1.«Жас мамандар» мектебінің 1-жарты жылдық бойынша есебі. -тәлімгерлердің жұмыс есебі. -жас мамандар есебі 2. Кәсіби сұхбат. Сабақты жоспарлау. Бағалау критерийлерін белгілеу, оқу мақсаты мен ойлау дағдыларының деңгейінің сабақтастығы.	«Жас мамандар» мектебінің жетекшісі	қаңтар
Практикалық сабақ: «Педагогикалық-психологиялық міндеттер мен проблемалық жағдаяттарды шешу жолдары»	Мектеп психологі	жыл бойы
Жас мамандардың сабақтарына қатысу, оларға әдістемелік көмек көрсету	«Жас мамандар» мектебінің жетекшісі	Жыл бойы
Жас мамандарға нақты көмек ұйымдастыруда диагностикалық зерттеу жұмыстарын жүргізу.	Тәлімгерлер	қаңтар
Дөңгелек үстел: Педагогтардың кәсіби шеберлігі мен құзіреттілігін қалыптастыру - әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың басты шарты	Тәлімгер:	ақпан
Дөңгелек үстел: «Баспасөз беттеріне мақала жазу»	Кітапханашы Тәлімгер ұстаздар	ақпан
«Жас мамандар» мектебінің отырысы. №3 «Жас мамандар» мектебінің отырысы. Тақырыбы: Жанартылған білім берудегі тиімді әдіс-тәсілдер	«Жас мамандар» мектебінің жетекшісі	наурыз
«Жас мамандар» мектебінің апталығы	«Жас мамандар» мектебінің жетекшісі	наурыз

	«Педагогикалық дебют» атты жас мамандар фестивалі.	«Жас мамандар» мектебінің жетекшісі Жас мамандар	сәуір
	Конференция. «Мен маман ретінде қалыптасуымда қандай проблемаларға кезіктім және оны қалай шештім»	Тәлімгерлер Жас мамандар	мамыр
	«Жас мамандар» мектебінің отырысы. №4 «Жас мамандар» мектебінің жылдық есебі. -Тәлімгерлер есебі -Жас мамандар есебі	«Жас мамандар» мектебінің жетекшісі	мамыр
6-бөлім. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі мен мәртебесін арттыру	Педагог кадрларды біліктілігін арттыру курсынан өткізу	Директордың ДБЖО	
	Магистр дәрежесіндегі педагог кадрлардың үлесін арттыру	Директордың ДБЖО	
	Әлемдік озық іс тәжірибені меңгеру мақсатында шет елге іс-сапарға баратын мұғалімдердің үлесін арттыру	Директордың ДБЖО	
	Педагог кадрларды кәсіби шыңдау мақсатында семинарлар мен конференцияларға, форумдарға қатыстыру	Директордың ДБЖО	
	Республикалық және халықаралық деңгейдегі олимпиадаларға оқушыларды қатыстыру	Директордың ДБЖО	
	Педагог кадрлардың ғылыми және шығармашылық жұмыс жасауына, өзіндік білім көтеруіне жағдай жасау, озат тәжірибені тарату	Директордың ДБЖО	
	Мұғалім көшбасшылығы мен желілік қауымдастықты дамыту	Директордың ДБЖО	
	Тәлім алушы мен тәлімгерлік жұмыстарын жетілдіру	Директордың ДБЖО	
	Педагог кадрлардың кәсіби байқауларға қатысу үлесі	Директордың ДБЖО	
	Педагог кадрлардың шығармашылық әлеуетін арттыру (авторлық бағдарлама, оқулық т.б.)	Директордың ДБЖО	
	«Lesson Study» арқылы педагогикалық қызметкерлердің зерттеу дағдыларын дамыту	Директордың ДБЖО	
	Педагог шебер, зерттеуші, сарапшы, магистр мұғалімдердің шығармашылық зертханалары	Директордың ДБЖО	

	Педагог кадрлардың ғылыми және шығармашылық жұмыс жасауына, өзіндік білім көтеруіне жағдай жасау, озат тәжірибені тарату	Директордың ДБЖО	
7-бөлім. Оқу-материалдық базаны нығайту. Мектеп құралдары	Мектепті жаңа 2024/2025 оқу жылына дайындау. Мектептің жаңа оқу жылына дайындық актісін жасау	Директор, директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары	Тамыз
	Ұйымдағы еңбекті қорғау жөніндегі іс-шаралар. ЕҚ және ҚТ бойынша бұйрықтарды бекіту	Директор, директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары	Қыркүйек
	Мектеп мүлкін сақтауға бағытталған іс-шаралар	Директор, директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары	Оқу жылы ішінде
	Спортзалдың, шеберханалардың, спорт алаңының материалдық базасын жақсарту	Мектеп әкімшілігі, дене шынықтыру мұғалімдері	Тамыз–қыркүйек
	Мектептегі көрнекі құралдарды есепке алу және жүйелеу. Оқулықтарға өтінім. Келесі жылға мектепті жөндеу жоспарын жасау (күрделі жөндеу, АӘК есептеу)	Әкімшілік	Желтоқсан
	Мектеп кітапханасын толықтыру	Кітапхана меңгерушісі	Тамыз-қыркүйек
	Мектептің жарық, жылу режимдерін сақтау жөніндегі шаралар	Директор, директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары	Оқу жылы ішінде
	Мектепті ағымдағы жөндеу бойынша жұмыс	Директор, директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары	Маусым
	Жарамсыз жабдықтарды, пайдаланылған материалдарды есептен шығару	Директор, директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары	Оқу жылы ішінде
	Санитарлық-гигиеналық және өртке қарсы талаптарды орындау үшін жағдай жасау	Директор, директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары	Оқу жылы ішінде
8-бөлім.	«Мектеп – мейірім мекені!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері	Қыркүйектің 1 аптасы

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары	«Тілім менің ғасырларға аманат» (А.Байтұрсыновтың туған күніне орай)	Гуманитарлық цикл пәндер мұғалімдері	Қыркүйектің 1 аптасы
	Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері, педагог-психолог	Қыркүйектің 1 аптасы
	Жол қауіпсіздігі Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ІІД және т. б.) бірлесіп	Қыркүйектің 2 аптасы
	«Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызмет Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, педагог-психологтар сынып жетекшілері, тәлімгерлер	Қыркүйектің 2 аптасы
	«Даналық ұстаздан» челленджі	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ІІД және т. б.) бірлесіп	Қыркүйектің 3 аптасы
	Жол қауіпсіздігі Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, тәлімгер	Қазан айының 1 аптасы
	Ойынға салауатты көзқарас Уроки безопасности (10 минут)	Сынып жетекшілері, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Қазан айының 1 аптасы
	Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен (ІІД және т. б.) бірлесіп	Қазан айының 1 аптасы
	«Күзгі асар» жәрмеңкесі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Қазан айының 1 аптасы
	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,	Қазан айының 2 аптасы

		сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	
	«Ұшқыр ой алаңы» дебаты	Сынып жетекшілері	Қазан айының 2 аптасы
	Республикам – мақтанышым! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Қазан айының 3 аптасы
	Демалыста кітап оқимыз	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Қазан айының 4 аптасы
	«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, пән	Қазан айының 4 аптасы
	Мектеп театры	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, кітапханашы	Қазан айының 4 аптасы
	15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні	Сынып жетекшілері	Қарашаның 1 аптасы
	«Ұшқыр ой алаңы» зияткерлік ойыны	Эстетикалық цикл пәндер	Қарашаның 1 аптасы
	«Startup» байқауы	Сынып жетекшілері	Қарашаның 2 аптасы
	Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Қосымша білім беру педагогтері	Қарашаның 2 аптасы
	Өмірге салауатты қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып жетекшілері мектептің Өзін-өзі басқару ұйымы	Қарашаның 3 аптасы
	Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Қарашаның 3 аптасы
	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып жетекшілері	Желтоқсанның 1 аптасы
	«Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Желтоқсанның 2 аптасы

Балалар кітапханасы	Сынып жетекшілері	Желтоқсанның 2 аптасы
«Үшқыр ой алаңы» дебаты	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Желтоқсанның 3 аптасы
Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып жетекшілері мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	Желтоқсанның 3 аптасы
Ойынға салауатты көзқарас Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,	Желтоқсанның 3 аптасы
Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,	Ақпан айының 1 аптасы
«Үшқыр ой алаңы» дебаты	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Ақпан айының 1 аптасы
Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып жетекшісі	Ақпан айының 2 аптасы
«Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі	Кітапханашы, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Ақпан айының 2 аптасы
Қауіпсіз қоғам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,	Ақпан айының 3 аптасы
«Startup» байқауы	Сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Ақпан айының 3 аптасы
Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып жетекшілері	Ақпан айының 4 аптасы
Алғыс – ізгі ниет Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып жетекшілері	Наурыздың 1 аптасы
Ойынға салауатты көзқарас Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,	Наурыздың 1 аптасы
«Ананың аялы алақаны» челленджі	Сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Наурыздың 2 аптасы

«Ұлттық мәдениет» көрмесі	Көркем еңбек мұғалімдері, сынып жетекшілері мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Наурыздың 2 аптасы
Мектеп театры	Эстетикалық цикл пәндер мұғалімдері, тілдік пәндер	Наурыздың 3 аптасы
«Жер сағаты» экологиялық акциясы	Жаратылыстану ғылымдарының апталығы/онкүндігі шенберінде пән мұғалімдері	Наурыздың 4 аптасы
Наурыз – жыл басы Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып жетекшілері	Наурыздың 3 аптасы
Алғыс – ізгі ниет Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып жетекшілері	Сәуірдің 1 аптасы
Біз таңдаған кітаптар	Сынып жетекшілері	Сәуірдің 1 аптасы
Өмірге салауатты қадам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,	Сәуірдің 2 аптасы
Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып жетекшілері	Сәуірдің 3 аптасы
Қоғамдық мүлікті қорға! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,	Сәуірдің 4 аптасы
«Түлектердің ағаш егуі» экокелленджі	Сынып жетекшілері	Сәуірдің 4 аптасы
«Ұшқыр ой алаңы» дебаты	Тәлімгер, мектептің өзін-өзі басқару ұйымы	Сәуірдің 3 аптасы
«Атадан-өсиет, анадан қасиет» ата-аналарға арналған шеберлік сынып	Сынып жетекшілері / педагог-психологтер	Сәуірдің 2 аптасы
Буллингтен қорған! Қауіпсіздік сабағы (10 минут))	Сынып жетекшілері	Мамырдың 1 аптасы
Қауіпсіз қоғам Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	АӘДТ пән мұғалімдері, музыка пәнінің мұғалімдері,	Мамырдың 2 аптасы

	Білім – Отаным! Қауіпсіздік сабағы (10 минут)	Сынып жетекшілері	Мамырдың 3 аптасы
	Отбасы күніне арналған «Отбасылық дәстүрлер» апталығы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,	Мамырдың 3 аптасы